

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы Ереже

Бекітілген  
 Басқарма шешімінің  
24.05 2024 ЖЫЛҒЫ  
 № 16 хаттамасымен

## Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы Ереже







Қолданылу мерзімі « <u>24 05</u> 20 <u>24</u> ж. бастап « <u>24 05</u> 20 <u>27</u> ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Қазіргі <input type="checkbox"/> Ескірген <input type="checkbox"/>
Алдыңғы ескірген құжат: Басқарма шешімінің <u>03.03</u> 20 <u>23</u> жылғы № <u>5</u> Хаттамасы	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы	Коды <u>0069/43.5-2024</u> Көшірмесі № Данасы №

Алматы – 2024



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы Ереже

### КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Құрылымдық бөлімшенің атауы	Жауапты тұлғаның Т.А.Ә., қолы, бұрыштама қойылған күні	Нақты орындаушының лауазымы, Т.А.Ә., қолы, бұрыштама қойылған күні
ӨЗІРЛЕУ	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментінің басшысы	Абдрахманова З.Б.  «30» 04 2024ж.	«__» ____ 20__ ж.
КЕЛІСУ (құрылымдық бөлімшенің басшымен құжат келісілетін құрылымдық бөлімшенің атауы))	Проректор	Датхаев У.М.  «30» 04 2024ж.	«__» ____ 20__ ж.
	Атқарушы директор	Лахов С.В.  «03» 05 2024ж.	«__» ____ 20__ ж.
	Қаржы директоры	Исқаков С.С.  «03» 05 2024ж.	«02» 05 20 24ж. 
	Заң департаментінің басшысының м.а.	Ахмет А.Н.  «02» 05 2024ж.	«__» ____ 20__ ж.
	Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы	Жангирбаев М.Т.  «02» 05 2024ж.	«__» ____ 20__ ж.



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ  
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»

Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті

Білім алушыларға әлеуметтік көмек  
көрсету туралы Ереже

Редакция: 5

13 Беттің 3 беті

## Мазмұны

1. Жалпы ережелер	4
1.1. Қолдану саласы	4
1.2. Нормативтік сілтемелер	4
1.3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	5
2. Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету тәртібі	6
2.1 Әлеуметтік көмек көрсету шарттары	6
2.2 Әлеуметтік комиссияны ұйымдастыру және жұмыс тәртібі	7
2.3 Әлеуметтік көмек көрсету ерекшеліктері	7
2.4 Біржолғы материалдық көмек көрсету	8
2.5. Білім алушыларға оқу ақысын төлеу бойынша материалдық көмек көрсету	9
3. Жауапкершілік	11
4. Қорытынды ереже	11
5. Өзгерістерді тіркеу парағы	12
6. Танысу парағы	13

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы Ереже
		Редакция: 5 13 Беттің 4 беті

## **1. Жалпы ережелер**

### **1.1. Қолдану саласы**

**1.1.1.** Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ (әрі қарай - Университет) білім алушыларына оқу кезеңінде білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету тәртібін айқындайтын негізгі ішкі нормативтік құжат болып табылады.

**1.1.2.** Ереже күндізгі оқу нысанында білім алатын университеттің білім алушыларына Директорлар кеңесінің келісімі бойынша қолданылады.

**1.1.3.** Ереже және оған өзгертулер Университет Басқармасының шешімімен бекітіледі.

### **1.2. Нормативтік сілтемелер**

**1.2.1.** Осы ереже келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған);
- 2) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 3) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы;
- 5) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңы;
- 6) «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ;
- 7) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ;
- 8) «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы;
- 9) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі N 246 Заңы;
- 10) «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы;
- 11) «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысы;
- 12) «Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №16 бұйрығы;
- 13) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы Ереже

үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;

14) «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

15) «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №44 бұйрығы;

16) «Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 131 бұйрығы

17) Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2018 жылғы 27 қарашадағы № 1133 бұйрығымен бекітілген Университет Жарғысы.

### **1.3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар**

**1.3.1.** Осы Ережеде келесі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылды:

1) **білім алушы** - дайындық бөліміне білім алу немесе мамандығы/оқу бағдарламасы бойынша кәсіби білім алу үшін университетке белгіленген тәртіппен қабылданған тұлға;

2) **білім алушы - жетім бала** - 18 жасқа толғанға дейін (кәмелетке толған) ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған білім алушы;

3) **ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған білім алушы** – білім алу кезінде қайтыс болуына, ата-ана құқықтарын шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты жалғыз, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған жағдайда және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған білім алушы; жалғыз ата-анасының қамқорлығындағы білім алушы

4) **бір ата-анасы тәрбиелейтін білім алушы** - қайтыс болуына байланысты бір ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе жалғыз ата-анасының (жалғызбасты ана/әке) қамқорлығындағы білім алушы;

5) **мүгедектігі бар студент, бала кезінен мүгедектігі бар, мүмкіндігі шектеулі білім алушы** - тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын ауруларға, жаралануға, олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі тұлға;

6) **мүгедек ата-анасы бар білім алушы** - тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын ауруларға, жаралануға,

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы Ереже

олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған тұлға;

7) **көп балалы отбасы** - құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан да көп балалары бар отбасы;

8) **көп балалы аналар** - «Алтын алқа» немесе «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай - ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған аналар.

9) **«Д» есебінде тұратын білім алушы** - туберкулез немесе онкологиялық диспансерлерде есепте тұрған, сондай-ақ университеттік клиникада есепте тұрған туберкулезбен ауырып жазылған тұлға;

10) **Университет қызметкерлерінің балалары** – толық жұмыс уақытында жұмыс істейтін Университеттің негізгі штаттық қызметкерлерінің балалары;

11) **әлеуметтік көмек** – мемлекеттің, қоғамның көмекке мұқтаж азаматтар туралы қамқорлығы, жасына, денсаулық жағдайына, әлеуметтік жағдайына, күнелтуге жеткіліксіз қаржымен қамтамасыз етілуіне байланысты жәрдемдесуі;

12) **әлеуметтік комиссия** – осы ереже аясында әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер білім алушының өтінішін қарау үшін құрылатын Комиссия, Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен бекітілген Комиссия құрамына университет қызметкерлері қатарынан төраға, хатшы және мүшелер кіреді;

13) **"Salem office ААЖ Sirius"** - электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесі;

14) **ЦД** - цифрландыру департаменті;

15) **ДКК**-дәрігерлік-консультациялық комиссия;

16) **ӘТЖД** – әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті;

17) **ЭЖД** - экономика және жоспарлау департаменті;

18) **ӘЖБ** – әлеуметтік жұмыс жөніндегі бөлім;

19) **Дүлей зілзалалар** - табиғи құбылыстан туындаған, төтенше сипатқа ие және халықтың қалыпты қызметінің бұзылуына, материалдық құндылықтардың қирауы мен жойылуына әкеп соғатын зілзала. Дүлей зілзалаларға: жер сілкінісі, су тасқыны, қар көшкіні, сел, көшкін, орман өрті және басқалары жатады.

## **2. Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

### **2.1. Әлеуметтік көмек көрсету шарттары:**

**2.1.1.** Әлеуметтік көмек тағайындау туралы мәселені қарау университеттің тиісті деканатына/мектебіне әлеуметтік критерий бойынша білім алушы өтініш және ӘТЖД ӘЖБ растайтын құжаттарды «Salem office – Sirius ААЖ» арқылы ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

**2.1.2.** Әлеуметтік көмек көрсету процесінің үйлестірушісі ӘТЖД болып табылады, ол әлеуметтік комиссияның одан әрі қарауы және университеттің экономикалық кеңесіне өтініш беру үшін ЭЖД-мен келісілген жиынтық ақпаратты дайындайды.

**2.1.3.** Әлеуметтік көмек көрсету үрдісін «Salem office – Sirius ААЖ» арқылы техникалық және бағдарламалық сүйемелдеуді ЦД жүзеге асырады.

**2.1.4.** Білім алушыларға әлеуметтік көмек тиісті оқу жылына арналған мерзімге Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен тағайындалады.

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы Ереже

## **2.2. Әлеуметтік комиссияны ұйымдастыру және жұмыс тәртібі**

**2.2.1.** Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен Университет қызметкерлері арасынан бекітілетін комиссия құрамына комиссия төрағасы, хатшы және мүшелері кіреді.

**2.2.2.** Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды және кемінде тоғыз адамды құрайды.

**2.2.3.** Комиссия төрағасы болып әлеуметтік мәселелер бойынша жетекшілік ететін проректор тағайындалады.

**2.2.4.** Комиссия мүшелерінің ұсыныстар енгізуге, отырыста сөз сөйлеуге, ұсынылған құжаттармен танысуға, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіруге, сондай-ақ басқа да құқықтары бар.

**2.2.5.** Комиссия хатшысы комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Хатшы күн тәртібі мен материалдарды танысу үшін Комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні бұрын Комиссия мүшелеріне жолдайды.

**2.2.6.** Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды.

**2.2.7.** Комиссия жұмысының нысаны отырыс болып табылады. Комиссия отырысы жылына бір рет, оқу жылының басында өткізіледі. Комиссияның кезектен тыс отырысына Комиссия төрағасы бастамашылық жасай алады.

**2.2.8.** Комиссия төрағасы отырыстың күн тәртібін, сонымен қатар оларды өткізу күнін, уақыты мен орнын айқындайды.

**2.2.9.** Комиссия отырысы Комиссия қарауына осы Ережеде көзделген материалдар, өтініштер келіп түскен жағдайда өткізіледі.

**2.2.10.** Комиссия отырысы, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Комиссия отырысының хаттамасына Комиссия төрағасы қағаз және электрондық форматта қол қояды.

**2.2.11.** Комиссияның барлық мүшелері шешім қабылдау кезінде дауыс беруге құқылы және тең өкілеттіктерге ие.

**2.2.12.** Комиссияның материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды комиссия хатшысы жүзеге асырады.

## **2.3. Әлеуметтік көмек көрсету ерекшеліктері**

**2.3.1.** Әлеуметтік көмек білім алушыларға Университеттің басқа да бюджеттен тыс қаражаты есебінен көрсетіледі.

**2.3.2.** Әлеуметтік көмек білім алушыларға өткен оқу жылы үшін қаржылық берешегі болмаған жағдайда көрсетіледі.

**2.3.3.** Бір білім алушыға бір мезгілде әлеуметтік көмектің бірнеше түрі (жетім-білім алушыларды қоспағанда) көрсетілмейді.

**2.3.4.** Білім алушыларға оқу ақысын төлеу бойынша әлеуметтік көмек бірінші курс аяқталғаннан кейін (жетім білім алушылар және 1-курста оқу кезеңінде ата-анасының (қамқоршысының) қайтыс болуына байланысты мән-жайлар туындаған білім алушыларды қоспағанда) көрсетіледі.

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы Ереже
		Редакция: 5 13-беттің 8-беті

**2.3.5.** Білім алушыларға материалдық көмек көрсету комиссияның алқалық шешімі негізінде университетте қаржылық ресурстар болған жағдайда келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

- 1) 1 кезек – бакалавриат, интернатура білім алушылары;
- 2) 2 кезек - магистратура, резидентура, докторантура білім алушылары.

**2.3.6.** Университетте білім алатын университет пен еншілес ұйымдардың қызметкерлеріне комиссияның шешімі бойынша 50% дейінгі мөлшерде материалдық көмек көрсетілуі мүмкін.

**2.3.7.** Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету келесі жағдайларда тоқтатылады:

- 1) білім алушының Университеттен оқудан шығуы;
- 2) білім алушының қайтыс болуы;
- 3) білім алушыға әлеуметтік көмек көрсету мерзімінің өтуі;
- 4) білім алушының Академиялық адалдық кодексін, университеттің ішкі нормативтік құжаттарын немесе университеттің ішкі тәртібін бұзуы;
- 5) білім алушының академиялық демалысы кезеңінде.

#### **2.4. Біржолғы материалдық көмек көрсету**

**2.4.1.** «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес университетке түсу кезінде және бітіргеннен кейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар қатарынан білім алушыларға киім, аяқ киім және жұмсақ жабдықтар сатып алуға ақшалай қаражат бөлу.

**2.4.2.** Университетке түсу кезінде ата - анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар қатарындағы білім алушыларға екі айлық есептік көрсеткіш сомасында біржолғы ақшалай жәрдемақы төленеді және университетті бітіргеннен кейін төрт айлық есептік көрсеткіш сомасында біржолғы ақшалай жәрдемақы төленеді.

**2.4.3.** Білім алушылардың тамақтануға арналған шығыстарын өтеу жетім білім алушыларға, сондай-ақ Д-есепте тұрған (онкологиялық ауру және туберкулезбен ауырғандар) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жіберетін нормаларға сәйкес беріледі.

**2.4.4.** Білім алушы - жетім балаларға университет жатақханаларында ақысыз тұруға рұқсат беріледі.

**2.4.5.** Білім алушылардың тамақтануға арналған шығыстарына өтемақы беру үшін қажетті құжаттар:

- 1) Университет Басқарма төрағасы-Ректорының атына өтініш (аты-жөні, тобы, тұрғылықты мекен-жайы, әлеуметтік жағдайы, сондай-ақ қосымша мәліметтер толық көрсетілген);
- 2) білім алушының туу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі;

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы Ереже

4) білім алушы - жетім балалар ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды куәландырған көшірмесі немесе қамқоршылық органдарынан анықтама ұсынады;

5) Д-есепте тұрған білім алушылар (туберкулез немесе онкология бойынша) ДКК анықтамасын, МСАК және университет клиникасының диагностика орталығынан тіркелген жері бойынша анықтаманы ұсынады.

## **2.5. Білім алушыларға оқу ақысын төлеу бойынша материалдық көмек көрсету:**

### **2.5.1. Білім алушы-жетім бала, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы.**

Осы санаттағы білім алушылар үшін университет барлық оқу кезеңіне оқу ақысының 50% - на дейін материалдық көмек көрсетеді.

Қарауға қажетті құжаттар:

- 1) Университет Басқарма төрағасы - Ректорының атына өтініш;
- 2) білім алушының туу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәлік(тер), нотариалды куәландырған көшірмесі немесе қорғаншылық органдарының анықтамасының түпнұсқасы.

### **2.5.2. Бір ата-анасы тәрбиелеп отырған білім алушы (жалғызбасты ана/әке, ата-анасының біреуінің қайтыс болуы).**

Осы санаттағы білім алушылар үшін университет жылына оқу ақысының 20% - на дейін материалдық көмек көрсетеді.

Қарауға қажетті құжаттар:

- 1) Университет Басқарма төрағасы-Ректорының атына өтініш;
- 2) білім алушының туу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) білім алушының және ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырған көшірмесі;
- 5) жалғыз басты ата-ананың мәртебесін растайтын анықтама - № 4 нысан, түпнұсқа.

### **2.5.3. Мүгедектігі бар білім алушы, бала кезінен мүгедектігі бар, мүмкіндігі шектеулі білім алушы.**

Осы санаттағы білім алушылар үшін университет жылына оқу ақысының 20% - на дейін материалдық көмек көрсете алады.

Қарауға қажетті құжаттар:

- 1) Университет Басқарма төрағасы-Ректорының атына өтініш;
- 2) білім алушының туу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) білім алушының мүгедектігі туралы анықтаманың (медициналық ұйымның ДКК анықтамасымен бірге) нотариалды куәландырған көшірмесі.

### **2.5.4. 1 топтағы мүгедектігі бар бір ата-анасы бар білім алушы.**

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы Ереже

Осы санаттағы білім алушылар үшін университет жылына оқу ақысының 10% - на дейін материалдық көмек көрсете алады.

Қарауға қажетті құжаттар:

- 1) Университет Басқарма төрағасы-Ректорының атына өтініш;
- 2) білім алушының туу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) білім алушының және ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) ата-аналарының бірінші топтағы мүгедектігі туралы анықтаманың (медициналық ұйымның ДҚК анықтамасымен бірге) нотариалды куәландырылған көшірмесі.

#### **2.5.5. Көп балалы отбасынан шыққан білім алушы;**

Осы санаттағы білім алушылар үшін университет жылына оқу ақысының 10% - на дейін материалдық көмек көрсете алады.

Қарауға қажетті құжаттар:

- 1) Университет Басқарма төрағасы - Ректорының атына өтініш;
- 2) білім алушының туу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) Білім алушының және ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) кәмелетке толмаған балалардың (аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің) туу туралы куәліктерінің нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 5) кәмелетке толмаған бауырлардың (аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің) оқу орнынан анықтама;
- 6) Анасының «Алтын алқа» немесе «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын, сондай - ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерінің болуы туралы куәлігін алуды растайтын құжат.

#### **2.5.6. Университет қызметкерлерінің балалары**

Осы санаттағы білім алушылар үшін университет оқу ақысының 30% - на дейін материалдық көмек көрсете алады.

Қарауға қажетті құжаттар:

- 1) қызметкердің Университет Басқарма төрағасы - Ректорының атына өтініші;
- 2) білім алушының туу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) білім алушының және ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) ата-анасының жұмыс орнынан анықтаманың түпнұсқасы.

**2.5.7.** Баласы Университетте білім алатын қызметкермен Университеттің еңбек қатынастары бұзылған жағдайда материалдық көмек көрсету еңбек шарты бұзылған күннен бастап тоқтатылады.

**2.5.8.** Қажет болған жағдайда комиссия білім алушыдан/қызметкерлерден қосымша құжаттарды сұрай алады.

#### **2.5.9. Дүлей зілзаладан зардап шеккендер.**

Осы санаттағы білім алушылар үшін университет оқу ақысының 50% - на дейін материалдық көмек көрсете алады.

Қарауға қажетті құжаттар:

- 1) қызметкердің Университет Басқарма төрағасы - Ректорының атына өтініші;

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаменті	Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету туралы Ереже
		Редакция: 5 13 беттің 11 беті

- 2) білім алушының туу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) білім алушының және ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) жергілікті атқарушы орган растаған табиғи апаттардан зардап шеккен аймақтарда жылжымайтын мүліктің болуы туралы анықтама (Ф-6).

### **3. Жауапкершілік**

**3.1.** Жалған және қолдан жасалған құжаттарды ұсынғаны үшін білім алушы университеттің нормативтік-құқықтық актілеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

**3.2.** Білім алушы өтініштің уақытылы және дұрыс ресімделуіне және растайтын құжаттарды тіркеуге жауапты болады.

**3.3.** ӘТЖД басшысы материалдық көмек алуға ұсынылатын тізімдер бойынша мәліметтердің дұрыстығына жауапты болады.

### **4. Қорытынды ереже**

**4.1.** Осы ереже «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ білім алушылармен жұмыс жүргізуді ұйымдастырудың бір бөлігі болып табылады.

**4.2.** Осы ережеде білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету тәртібін айқындайтын негізгі нормалар ұсынылған, олар университеттің өндірістік-шаруашылық қызметі процесінде белгіленген тәртіппен шығарылған ішкі нормативтік құжаттармен және университет әкімшілігінің ұйымдастырушылық-өкімдік актілерімен өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін.

**4.3.** Осы Ереженің орындалуын бақылау қызметі ӘТЖД басшысына жүктеледі, ол оны Университеттің мүдделі тұлғаларына жеткізуді, оның орындалуын бақылауды және Ереженің уақтылы жаңартылуын қамтамасыз етеді.



